



Нартай Бекежанов атындағы театрда композитор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлеген Мұхамеджановтың "Қыс жолы" атты шығармашылық кеші өтті.

Биыл Төлеген Мұхамеджанов мерейлі 70 жасқа толды.

Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Кошербаев Төлеген Мұхамеджановты мерейтойымен құттықтады.

"Осы бір толғанысты сәтте сонау тоқсаныншы жылдары талғампаз қорерменнің жүрек

торінен орын алып, шынайы махаббаттын корінісін бейнелеген талантты режиссер Талгат Теменовтін "Махаббат бекеті" фильмін еске түсірсек деймін. Қвні бүгінге дейін оз тындармандарын еселей түскен "Махаббат бекеті" композициясынын авторы Толеген Мүхамеджанов болатын. Толеген Мүхамеджанұлы тек махаббат әнін жазатын композитор болып гана қалған жоқ, ол симфония, опера, камералық шығармалар жазып, казак онерінін классикалық үлгісін дамыта білді. Бүгінгі онер кешінін «Қвс жолы» аталуы да тегін емес. Қвс аспанға гана лайық болса, Қвс жолы ұлылыққа гана лайық», - деді аймақ басшысы

Шығармашылық кеште музыкант жары, опера әншісі Нүржамал Үсенбаевамен бірге "Мен сенімен кездестім", "Махаббат диалогы" авторлық композицияларын орындады. Сонымен қатар, концертте "Заман-ай", "Інкәрім-ай", "Туган жер", "Мен деп ойла" және т.б. әндер шырқалды.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**